

Белгісіз  
Әдіскер Мәлімет Ш.С.  
12.02.2024ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Топ: «Балапан» ересек тобы Жоспардың құрылу кезеңі: 12-16.02.2024ж

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 12.02.2024	Сейсенбі 13.02.2024	Сәрсенбі 14.02.2024	Бейсенбі 15.02.2024	Жұма 16.02.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, психолог мамандардың кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (сөйлеуді дамыту) Дидактикалық ойын: «Құстарды тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптардан жануарлардың суреттерін қарау, Табиғат бұрышындағы өсімдіктер, оларға күтім жасау (топрағын қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (болме жануарларына күтім жасау) <b>Балармен жеке жұмыс.</b>				
	«Техника құралдары» Міндеттері: олардың суретінің бір бөлігін көрсетіп қандай зат екенін табу. Оларды санау. Сипаттау, не үшін қолданатын туралы ақпарат беру. Сан есімдерді ретімен атауға жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету (сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық ойын «карточканың қай бөлігінде орналасқан» заттар парақшаның әр бөлігінде орналасады. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалуды (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруы, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). (математика негіздері)	Ойын шарты: бір жануарды өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілету. (мысалы: менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). (математика негіздері)	Қоршаған ортаның әсемдігіне қызығушылықты дамыту. Міндеттері: Терезеге қарап қыс бейнесін дәстүрленген әдіспен салдырту. (сурет салу)	«Менің әңгімем» Міндеттері: Балаларды әңгіме айтуға үйрету: шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға. Усынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. (сөйлеуді дамыту)
Ертеңгілік жаттығу	Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету,				

	<b>кезекшілердің еңбек әрекеті)</b>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Таңғы жиын. Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру. «Техника туралы біз не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. ( <b>сөйлеуді дамыту</b> )				
<b>Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>	<p><b>Дене шынықтыру</b> Жалпы дамытушы жаттығулар. <b>Негізгі қимылдар:</b> <i>Жүру:</i> өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап сапта бір-бірден жүру <i>Секіру:</i> 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; <i>Лақтыру, домалату, қағып алу:</i> заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес) <i>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.</i> Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; <b>Қимылды ойын:</b> «Ұшты-ұшты»</p>	<p><b>Музыка</b> Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <b>Негізгі қимылдар:</b> <i>Жүру:</i> өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап сапта бір-бірден жүру <i>Секіру:</i> 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; <i>Лақтыру:</i> оң және сол қолымен көлденен қойылған нысанаға (2–2,5 метр), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; <i>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.</i> Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; Қ/О Трамвай <b>Спорттық жаттығулар:</b> Шанамен сырғанау; төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен</p>	<p><b>Музыка</b> Педагог жоспары бойынша <b>Қазақ тілі</b> Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, к, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. «Сөздер» саусак ойыны</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> Жалпы дамытушы жаттығулар. <b>Негізгі қимылдар:</b> <i>Жүру:</i> өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап сапта бір-бірден жүру Тепе-теңдікті сақтау: қырлы, қолбеу тастай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; <i>Жүгіру:</i> аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру <i>Секіру:</i> 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; <b>Қимылды ойын:</b> Поезд</p>

			түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.		
	Әр түрлі заттарды таратып беру, оларды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды дамыту. Ойын. «қай қолымда тап» <b>(математика негіздері)</b>	«Бір атаның ұрпағы» Әңгімесін оқып беру. Міндеттері: Балаларға қардың суға және мұзға буға айналатынын айтып түсіндіру. Тоңазытқышқа садып мұз жасап зерттеу. <b>(көркем әдебиет және қоршаған ортамен танысу)</b>	Ас бөлмесіндегі техника құралдарымен таныстыру. Міндеттері: Қамырдан күлшелер жасау, асханаға беру пеште пісірген соң балаларға жеуге беру. <b>(қоршаған ортамен танысу, мүсіндеу)</b> Күлшелері піскенше балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу <b>(құрастыру)</b>	«Тазалықты сақтайтын техника құралдар» тақырыбында әңгімелесу. Міндеттері: Шаңсорғыш, кір жуғыш, ыдыс жуғыш, киім үтіктейтін шкаф жөнінде ақпарат беру. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдануды дамыту. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	«Телефон, компьютер, теледидар» Міндеттері: олардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білуін қарастыру. <b>(қоршаған ортамен танысу)</b>
<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b>				
<b>Серуен</b>	Бақылау. Мақсаты: алабақша ауласындағы ағаштарды бақылау, желдің әсерін сезіну. Қармен әр түрлі құрылымдар құрастыру. <b>(құрастыру, қоршаған ортамен танысу)</b>  <b>Қимылды ойын</b> «Мысық пен тышқан»	Қарда таяқпен өзі қалаған заттың суретін салдырту. <b>(жапсыру, сурет салу)</b>  <b>Қимылды ойын</b> «Кішкентай маймылдар»  Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату <b>(музыка)</b>	Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау ). <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> <b>Қимылды ойын</b> «Шымшықтар мен мысық»	Зерттеу. Мақсаты: Балабақша ауласында кездесетін пішіндерді табу салыстырып атау дағдысын дамыту. <b>(математика негіздері)</b> Д/О «Дауысынан таны» орман жануарлар мен құстардың дауыстарын тану, атауды пысықтау. Желді бақылау. Ауа райының өзгеруі туралы айтқызу. <b>(қоршаған ортамен танысу)</b> Қ/О «Қояндар»	Мен өскенде қандай техника ойлап табамын тақырыбында әңгімелесу. <b>(көркем әдебиет)</b>  Балабақша ауласында ұшып жүрген құстарды санату. <b>(математика негіздері)</b>  <b>Қимылды ойын</b> «Мекен мен балапандар»
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін ітермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз				

	бетінше ауыстырып, киноін қалыптастыру.				
<b>Түскі ас</b>	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу сәттерінде көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»(сөйлеуді дамыту).Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану дағдыларын пысықтау. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тындау. Ертегілер мен әңгімелер оқып беру (көркем әрекет)				
<b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b>	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату.Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құргатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
<b>Бесін ас</b>	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b>	Ұялы телефон жайлы ақпарат беру. Міндеттері:Қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. Орталықтарға бөлініп балалардың дербес таңдауы бойынша шығармашылық жұмыстар жасату. Ұялы телефонды бейнелеу, заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру (жапсыру) Телефон бейнесін салу. Міндеттері: Түстерді дұрыс таңдау дағдысын жетілдіру. (сурет салу) Ермексаздан телефонды мүсіндеу. (мүсіндеу)	«Көлік басқарушысы» Міндеттері: Өртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте техника құралы екенін түсіндіру. (қоршаған ортамен танысу) Ермексаздан қалаған техника құралының мүсінін жасату. (мүсіндеу)	Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Еркін тақырыпта сурет салдырту (сурет салу) Кітаптарды қарату, балалардың сұранысы бойынша ертегілер оқып беру. (көркем әдебиет)	Балалардың қалауы бойынша әрекет түрлерін таңдату. Құрастыру құралдарымен ормандар, жануарларды құрастырту. Ермексаз және түрлі түсті қағаздармен шығармашылық жұмыстарды орындату. (құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)	Балалар екі орталыққа бөлініп, бірі құрастыру материалдарымен Робот құрастыруына жағдай жасау. (құрастыру) екіншісі мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдануды жетілдіріп робот мүсінін жасатуды үйрету. (мүсіндеу)
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Қ/О: «Не қайда?» Мақсаты:Кеністікті бағдарлай білуге үйрету. Оң,сол,алдында,артында ұғымдарын бекіту. Шарты: Тәрбиеші ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды, баланың	«Сөйлемді аяқта» ойыны Таңғы асты танертен,ал кешкі асты ... ішеміз -Түнде ұйықтаймыз, ал ... жаттығу жасаймыз -Күндіз күн шығады, ал Ай ... шығады.	«Көршілес сандарды тап» атты ойында аталған санның көршілес сандарын атау мақсат етіп қойылады. Ең алдымен балалар шеңбер құрып тұрады.	«Дыбыс бойынша санды тап» Мақсаты: 1-ден 5-ке дейін санау дағдыларын жетілдіру. Шарты: педагог	Заттар тобын теңестіру Мақсаты: «қанша?» «қанша болса сонша» ұғымдарын бекіту. (Нұрқасым, Хадиша, Қызғалдақ )

	оң жағына машина, сол жағына доп, алдына қуыршақ, артына пирамида қояды. Балаға алма кезек ойыншықтарды алып келуге ұсыныс айтады. Ойын осылай жалғаса береді (топпен)	(Занғар, Нұрасыл, Өркен)	Жүргізуші шеңбер ортасында тұрып допты бір балаға лақтыра отырып, ойына келген бір санды атайды. Доп ұстаған бала сол саннан кейінгі санды атауы керек. Егер доп ұстаған бала дұрыс жауап бермесе, басқалары хормен жауабын айтады. (топпен)	шапалақ ұрады, балалар шапалақ санына сай цифрды атайды. (топпен)	
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b>				
<b>Серуен</b>	Еркін ойындар  Балалардың сұранысы бойынша «Жеті лақ» ертегісін оқып беру.  <b>Қимылды ойын</b> «Мысық пен тышқан»	Еркін ойындар <b>Қимылды ойын</b> «Кішкентай маймылдар	еркін ойындар <b>Қимылды ойын</b> «Шымшықтар мен мысық»	Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру. Әдебиетке кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалату <b>(көркем әдебиет)</b> Еркін ойындар	Балабақша ауласында ұшып жүрген құстардың суретін қарда салдырту. <b>(сурет салу)</b> Еркін ойындар мен <b>Қимылды ойын</b> «Мысық пен тышқан»
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Техника құралдары туралы не білетінін балалардан сұрауын ұсыну. Оқып берген ертегілерді сахналауды үйде қайталау. Зерттеу арқылы не үйренгенін сұрауға кеңес беру.				